**2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

Түпқараған аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 97 қаулысы. Маңғыстау облысы әділет департаментінде 2015 жылғы 27 мамырда № 2729 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы және «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Түпқараған аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Ж. Төлеген) 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшерін көзделген қаржыландыру жоспары шегінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. «Түпқараған аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (А. Утесбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын және Түпқараған ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Түпқараған ауданы әкімінің орынбасары Т. Алтынгалиевке жүктелсін.

5. Осы қаулы Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Т. Асауов*

«КЕЛІСІЛДІ»

«Балапан» шағын орталығы»

жауапкершілігі шектеулі

серіктестігінің директоры
Т. А. Сембаева

30 сәуір 2015 жыл.

Жеке кәсіпкер Жартаева К.Т.
К. Т. Жартаева

30 сәуір 2015 жыл.

Түпқараған ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 30 сәуір
№ 97
қаулысына қосымша

## 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді – Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 22.09.2015 № 228 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

| № | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны | | | | | Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың басына шаққандағы бір айдағы мөлшері (теңге) | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Балабақша (мемлекеттік / жеке меншік) | Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын орталық | Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын орталық | Дербес толық күн болатын шағын орталық | Дербес жарты күн болатын шағын орталық | Балабақша (мемлекеттік / жеке меншік) | Мектеп жанындағы толық күн болатын шағын орталық | Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын орталық | Дербес толық күн болатын шағын орталық | Д ж к б ш о |
| 1 | Түпқараған ауданы әкімдігінің оралымды басқару құқығындағы «Айгөлек» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 140 | | | | | 24 445 | | | | |
| | Түпқараған ауданы | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | әкімдігінің оралымды басқару құқығындағы « Бәйтерек» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 140 | | | | | 24 445 | | | | |
| 3 | Түпқараған ауданы әкімдігінің оралымды басқару құқығындағы « Айналайын» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 140 | | | | | 24 445 | | | | |
| 4 | Түпқараған ауданы әкімдігінің оралымды басқару құқығындағы «Ер Төстік» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 90 | | | | | 24 445 | | | | |
| | | 50 | | | | | 28 593 | | | | |
| 5 | Түпқараған ауданы әкімдігінің « Құлыншақ» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны | 140 | | | | | 24 445 | | | | |
| 6 | Түпқараған ауданы әкімдігінің оралымды басқару құқығындағы « Балбөбек» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық | 140 | | | | | 24 445 | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қазыналық кәсіпорыны | | | | | | | | | | |
| 7 | Түпқараған ауданының әкімі аппараты «Ақбота» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны | 140 | | | | | 24 445 | | | | |
| 8 | Түпқараған ауданының әкімі аппараты «Жауқазын» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны | 100 | | | | | 24 445 | | | | |
| 9 | Түпқараған ауданы әкімдігінің « Айгүл» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 100 | | | | | 24 445 | | | | |
| 10 | «№1 Жалпы орта білім беретін мектеп-лицейі» мемлекеттік мекемесі жанындағы « Балдәурен» шағын орталығы | | 75 | | | | | 13 612 | | | |
| 11 | Алып тасталды - Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 22.09.2015 № 228 қаулысымен (алғашқы ресı қолданысқа енгізіледі) | | | | | | | | | | |
| 12 | «Балапан» шағын орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | | | | | 50 | | | | 28 593 | |
| 13 | Жеке кәсіпкер Жартаева Клара Танкибаевна « Бүлдіршін» | | | | | 50 | | | | 28 593 | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | шағын орталығы | | | | | | | | | | |
| 14 | Түпқараған ауданы әкімдігінің оралымды басқару құқығындағы «Толағай» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны | 50 | | | | | 28593 | | | | |
| 15 | Түпқараған ауданы әкімдігінің оралымды басқару құқығындағы «Алпамыс» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны | 140 | | | | | 24445 | | | | |
| **Түпқараған ауданы** | | **1180** | **95** | **х** | **х** | **100** | | | **х** | | **х** |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК